

"Қазмысқұрылыс" ашық акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 мамыр N 723

"Қазмысқұрылыс" ашық акционерлік қоғамында қалыптасқан қаржылық-экономикалық ауыр жағдайға байланысты және оның аймақ үшін әлеуметтік-экономикалық мәнінің маңыздылығын ескере отырып, "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына Z970067_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Қазмысқұрылыс" ашық акционерлік қоғамының банкроттығына бастама жасасын.

2. "Қазмысқұрылыс" ашық акционерлік қоғамын банкрот деп тану туралы сот шешім қабылдаған жағдайда мыналар:

1) "Қазмысқұрылыс" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын бірыңғай л о т п е н с а т у ;

2) өндірістік процестің үздіксіз жүруін сақтау;

3) өндірістік процестің үздіксіз жүруін қамтамасыз ету мақсатында "Қазмысқұрылыс" ашық акционерлік қоғамын басқаруға ықтимал инвестормен шарт жасасу құқығын конкурстық басқарушыға беру;

4) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге бағытталған инвестицияларды т а р т у ;

5) бірінші-үшінші кезектердегі кредиторлар талаптарының, сондай-ақ әкімшілік шығыстары сомасынан төмен түспейтін ең төменгі құнын белгілеу көзделетін оның конкурстық массасын сатудың ерекше жағдайлары мен тәртібі белгіленсін.

3. "Қазмысқұрылыс" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатып алушыларға мынадай қосымша талаптар:

1) сауда-саттыққа өнеркәсіптік-азаматтық құрылыс саласында бастапқы кезеңнен "іске қосуға" дейінгі жұмыс тәжірибесі бар және кемінде 90 миллион теңге жарғылық капиталы бар заңды тұлғалар жіберіледі;

2) сауда-саттық өткізілген күннен бастап 15 банк күнінен

кешіктірілмейтін мерзімде конкурстық массаны сату кезінде әкімшілік шығыстарды бірінші кезектегі тәртіппен өтеу;

3) сауда-саттық өткізілген сәттен бастап алты ай мерзім ішінде жұмыс орындарын сақтау және оларды өндірістік қуаттардың қалпына келтірілуіне қарай көбейту көзделсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.